

## Абай облысы Бесқарағай ауданының Жетіжар ауылдық округінің кейбір ауылдарының шекараларын (шегін) белгілеу туралы

Абай облысы Бесқарағай ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 145 бірлескен қаулысы және Бесқарағай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 2/5-VIII шешімі. Абай облысының Эділет департаментінде 2023 жылғы 4 мамырда № 62-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 12-бабы 3) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы Бесқарағай ауданы Жетіжар ауылдық округінің Кривинка ауылының шекарасы (шегі) 9424,9853 гектар жалпы алаңымен белгіленсін.
2. Абай облысы Бесқарағай ауданы Жетіжар ауылдық округінің Лесной ауылының шекарасы (шегі) 5543,1502 гектар жалпы алаңымен белгіленсін.
3. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Бесқарағай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы бірлескен Бесқарағай ауданы әкімдігінің қаулысы мен мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аким Бесқарағайского района

Т. Муратов

Бесқарағай аудандық мәслихатының төрағасы

М. Абылгазинова